


САУДА МЕН КӨМЕК: ЕКІ ЖАҚТЫ КЕЛІСІМДІ САУДА



Ыбырай
Алтынсарин.
«Дүние қалай
етсең
табылады?!»



Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Деменғали Айша Қылышбекқызы

1-тапсырма

Ойтүрткі. Төменгі сыныпта Ыбырай Алтынсариннің қандай әңгімелерін оқыдыңыздар, еске түсіріңіздер.



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН кім?



Суреттегі Ыбырайдың қай
әңгімесі?



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ
өмір сүрген жылдары



3-тапсырма

Әңгімені түсініп, дауыстап оқыңыздар. Әңгіме нешінші жақта баяндалып тұрғанын анықтаңыздар.

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

— 1791 жылда, өзім университет деген үлкен шkolда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күш тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң бірге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

— Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді. Сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзіңді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшік қылғаным жоқ елден. Қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі, баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, — деді де жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды. 1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

— Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдағы үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

— Сен Антонбысың? — дедім.

— Рас, — деді Антон, — мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім. Ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, — деді.

Түсіндірме сөздік

1 Әңгіме
нешінші жақта
баяндалып тұр?

боқтық – қоқыс
салам – шөп-шалам
франк – француз
ақшасы
әдік (диалект) – үлкен
тас жұрт - тастан
салынған үй
машаққаттану –
қиындығы көп жұмыс

3 Әңгіменің
тақырыбы

2 Әңгіменің басты
кейіпкері кім?

4 Әңгіменің
идеясы

4-тапсырма

Сұрақтарға жауап беріңіздер. Берілген сұрақтар негізінде диалог құрыңыздар.

1. Автор не себепті таң қалды?

Антонның
өзгергеніне

Дүкендегі
кітаптарға

Антонның
ақшасына

2. Қалай ойлайсыз, егер Антонға бейтаныс адам ақыл айтпағанда, ол осындай жетістікке жетер ме еді?

ИӘ

ЖОҚ

МҮМКІН

3. Дүние қалай етсек табылады екен?

Тіленшіліктен

Адамдар бай,
кедей болып туады

Еңбекпен

4. Әңгімені қандай мақалмен түйіндер едіңіз?

Жалқаудың жаны тәтті, еңбектің наны тәтті.

Адам боламын десең, арыңды ақшаға сатпа.

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей.

5-тапсырма

Әңгімеге сюжеттік-композициялық талдау жасаңыздар, берілген суреттерді әңгіменің құрылымы бойынша реттік санымен белгілеңіздер.



СЮЖЕТТІК-КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

ОҚИҒАНЫҢ БАСЫ

ДАМУЫ

ШИЕЛЕНІСУІ

ШАРЫҚТАУ ШЕГІ

ШЕШІМІ